

## Есепті күнтізбелік жыл ішінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағында сатылған темекі өнімдерінің құрамы мен олардан бөлінетін заттар туралы есептің нысанын бекіту туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2022 жылғы 19 мамырдағы № 82 шешімі.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2014 жылғы 12 қарашадағы № 107 шешімімен қабылданған Кеден одағының "Темекі өнімдеріне арналған техникалық регламент" (КО ТР 035/2014) техникалық регламентінің 16-тармағын іске асыру мақсатында Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 24-тармағының 15-тармақшасына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 1 қосымшаның 30-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі шешті:

1. Қоса беріліп отырған есепті күнтізбелік жыл ішінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің аумағында сатылған темекі өнімдерінің құрамы мен олардан бөлінетін заттар туралы есептің нысаны (бұдан әрі – есеп) бекітілсін.

2. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекетте (бұдан әрі – мүше мемлекет) есеп құрамында ұсынылатын деректерді беру мен сақтаудың құпиялышының қамтамасыз ететін электронды жүйе енгізілген жылдан кейінгі күнтізбелік жыл есеп ұсынылатын бірінші есепті күнтізбелік жыл болып табылады деп белгіленсін.

3. Мүше мемлекеттердің үкіметтерінен осы Шешімнің 2-тармағында көзделген электронды жүйені әзірлеуді және пайдалануға енгізууді қамтамасыз ету сұралсын.

4. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

### Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

Армения	Беларусь	Қазақстан	Қыргыз	Ресей
Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Федерациясынан
В. Григорян	И. Петришенко	Б. Сұлтанов	А. Кожошев	А. Оверчук

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Кеңесінің

2022 жылғы 19 мамырдағы

№ 82 шешімімен

БЕКІТІЛГЕН

Есепті күнтізбелік жыл ішінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің аумағында сатылған темекі өнімдерінің құрамы мен олардан бөлінетін заттар туралы

# ЕСЕПТІҢ НЫСАНЫ

20 жылы

## Еуразиялық экономикалық одакқа

### мұше мемлекеттің аумағында сатылған темекі өнімдерінің

### құрамы мен олардан бөлінетін заттар туралы

#### ЕСЕП

Темекі өнімі түрінің атауы \_\_\_\_\_

Темекі өнімінің атауы \_\_\_\_\_

1. Темекі өнімінің құрамы туралы ақпарат:

1) темекі өнімінің массасы (мг) \_\_\_\_\_

1. Өлшенетін темекі өнімдері үшін темекі өнімінің массасы болып (ылғалдылық ескеріле отырып) мыналар саналады:

- a) 750 мг жіңішкелеп кесілген шегетін темекі;
- b) 1 г өзге темекі өнімдері (кальянға арналған темекі, тұтқек салынатын темекі).

2. Данамен берілетін темекі өнімінің (сигарета, сигара, сигарилла (сигарита), папирос, биди, кретек) массасы болып (ылғалдылық ескеріле отырып) оның бір бірлігінің массасы саналады.

2) темекі өніміндегі темекі массасы (мг) \_\_\_\_\_

3) темекіге қосылатын ингредиенттер:

P/c №	Ингредиенттің атауы	Ингредиенттің массасы (мг)	Ингредиенттің үлесі (темекі өнімінің массасына қатысты процентпен), %	Ингредиенттің мақсаты
1	2	3	4	5

Ескертпелер:

1. Темекі ингредиенттің массасы (мг) қажет болған кезде оның темекі өнімінің массасына қатысты үлесі арқылы есептеледі.
2. Темекіге қосылатын ингредиенттер мақсаты жағынан үйрену әсерін күшайтетін қоспаларға, желімдерге, байланыстырығыш заттарға, бояғыштарға, жану модификаторларына, талшықтарға, толтырғыштарға, ароматизаторларға, ылғал тұтқыш заттарға, консерванттарға, технологиялық қоспаларға, еріткіштерге, тұтіннің қасиетін жақсартатын қоспаларға, тұтін тұсінің модификаторларына, тұтін иісінің модификаторларына және басқа мақсаттағыларға болінеді.
3. Ингредиенттің атауы, оның массасы мен үлесі темекі өнімдерінің рецептурасына (erekшелігіне) сәйкес көрсетіледі.

4) темекі емес материалдарда болатын ингредиенттер (олар болатын темекі емес материалдардың санаттары бойынша):

P/c №				Ингредиенттің үлесі (темекі өнімінің

	Ингредиенттің атауы	Темекі емес материалдардың санаты	Ингредиенттің массасы (мг)	массасына қатысты процентпен), %
1	2	3	4	5
Ескертпелер:		1. Темекі емес материалдар мынадай санаттарға бөлінеді: папиростық, сигареталық, тоғыншақ және мундштук қағазы, фильтрлерге арналған орайтын қағаз (фицелла), фильтрлейтін материал, желімдер, қара сиялар және т.б. 2. Ингредиенттің массасы (мг) қажет болған кезде оның темекі өнімінің массасына қатысты үлесі арқылы есептеледі. 3. Ингредиенттің атауы, оның массасы мен үлесі темекі өнімдерінің рецептурасына (ерекшелігіне) сәйкес көрсетіледі.		

2. Эр атаяу бойынша сигарета тұтінінде және ерікті негізде басқа да бөлінетін заттарда\* (мг/сиг.) шайырдың, никотиннің және көміртек монооксидінің болуы туралы ақпарат:

- 1) шайырдың мөлшері \_\_\_\_\_
- 2) никотиннің мөлшері \_\_\_\_\_
- 3) көміртек монооксидінің мөлшері \_\_\_\_\_

3. Есепті жылды темекі өнімін өндірушінің және (немесе) импорттаушының немесе олардың тапсырысы бойынша темекі өнімдерінде болатын ингредиенттерге қатысты токсикологиялық зерттеулердің жүргізілуі туралы ақпарат.

Токсикологиялық зерттеулер жүргізілді ме?

- Ия  
 Жоқ

4. Коммерциялық құпияны құрайтын (құпия сипаттағы ақпарат болып табылатын) мәліметтер \_\_\_\_\_

(осы есептің 1-тармағының 3 және 4-тармақшаларында көзделген кестелердің тармақтары)  
көрсетілген.

Ескертпелер:

1. Коммерциялық құпияны құрайтын (құпия сипаттағы ақпарат болып табылатын) мәліметтер болмаса, сзызықша қойылады.
2. Коммерциялық құпияны құрайтын (құпия сипаттағы ақпарат болып табылатын) мәліметтерге қатысты Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің денсаулық сақтау саласындағы уәкілдегі органдары Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес ақпараттың құпиялылығын қорғау режимін қамтамасыз етеді.

(темекі өнімін дайындаушының, бақылаушы ұйымның немесе иморттаушының атауы – керегін көрсету керек)

---

(лауазымы) (қолы) (Т.А.Ә.)

20 жылғы "\_\_\_"

М.О.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК